



Аудан әкімдігінде жергілікті баспасөз саласы үшін мәні зор кездесу өтті. Аудан әкімі Азат Оралбаев аудандық «Ордабасы оттары» газетінің директоры, ауданның құрметті азаматы, тәжірибелі журналист, білікті басшы Зиябек Ғалымжан Ордабекұлын зейнеткерлікке шығуымен арнайы құттықтап, сый-сияпат табыс етті.

Салтанатты басқосуда аудан басшысы Ғалымжан Зиябектің ел өмі-



ріндегі өзекті мәселелерді үзбей көтеріп, ауданның тыныс-тіршілігін шынайы жеткізуде, жергілікті журналистиканың дамуына қосқан үлесін атап өтті.

— «Ордабасы оттары» — ауданның өткені мен бүгіні, елдің шежіресі. Осы

басылымның жылдар бойы өз бағытынан таймай, халық сенімін ақтап келуінде Ғалымжан Ордабекұлының еңбегі зор. Ол — жауапкершілігі жоғары, ел мүддесін бәрінен биік қоятын нағыз зиялы азамат, — деді Азат Оралбаев.

Келесі кезекте аудандық мәс-

лихаттың төрағасы Бақдәулет Жұмабеков те зейнет жасына жеткен журналисті құттықтап, арнайы марапат пен сый-сияпат табыс етті.

Мерейлі жиында сонымен қатар ауданның ардагерлері, зиялы қауым өкілдері, әріптестері мен ардагер журналистер сөз сөйлеп, Ғалымжан Зиябектің адамгершілік болмысына, кәсіби ұстанымына, елге сіңірген еңбегіне жоғары баға берді. Ізгі тілектер айтылып, естеліктермен бөлісті.

Зиябек Ғалымжан Ордабекұлы — Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаттарымен, «Құрмет» орденімен марапатталған. Бірнеше мерейтойлық медальдардың иегері.

2016 жылдан бері Ғалымжан Ордабекұлы «Ордабасы оттары» газетінің директор-бас редакторы қызметін атқарып келеді. Оның жетекшілігімен басылым заман талабына сай жаңарып, облыс көлемінде екі рет бас жүлдені иеленді. Газеттің ресми веб-сайты мен әлеуметтік желідегі парақшалары іске қосылып, оқырманмен кері байланыс жүйелі жолға қойылды.



Батырбек Мейрхан - ауылшаруашылық қызметкері.



Әсет Әссанди - журналист.



Абамуслимов Асқат - ауыл округі әкімі.



Аудан әкімі Азат Оралбаев мәдениет үйінде өткен жылды қорытындылап, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан жыл үздіктерін марапаттады.

Аудандық мәслихат төрағасы Бақдәулет Жұмабеков те сөз сөйлеп, бірқатар сала қызметкерлеріне құрмет көрсетті.



Жәмәділ Балауса - мұғалім.



Калкенова Гүлнұр - есепші.



Досмаханбет Күнсұлу - әлеуметтік қызметкер.



Бекмурзаева Жұлдыз - мемлекеттік қызметкер.



Бизақ Маржан - спортшы.



Азимбаева Сандұғаш - кітапханашы.



Жұмабекова Динара - әнші-актриса.



Айтбаев Наурызғали - дәрігер.



Нұржанұлы Намазхан - салық қызметкері.



Кендербай Бегімжан - «Таза су» мкк жұмысшысы.



Тажибаев Нұрсұлтан - полиция майоры.



Арын Жазылбек - құрылысшы.



Қоспанов Айбек - жаттықтырушы.



Маматов Бахтиёр - кәсіпкер.